

## ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАПОНДЫҚ ҮЛГІСІ

**Б. Ақын**

Қазіргі уақытта айрықша шығысаялық жаңғыру жолы туралы, батыстық үлгімен тең ғана емес, тіпті асып түсіп, келер жүзжылдықты айқындайтын жаңғыру жөнінде қызу талас жүруде. Бұл жерде М. Вебердің рационализмде дербес азиялық жолды табуға тырысқаны туралы айтылмайды. Негізінен қазір Азия үшін маңызды рөл ойнап тұрған теориялық және саяси дебаттардың маңызын көрсетіп отырмыз.

С. Хантингтон экономикалық жетістік пен азиялық мәдениет қоспасынан демократияның айрықша түрі пайда болды деп есептейді, бұл демократия бәсекелестікті мойындайды, бірақ билік ауысуын емес, өйткені консенсус пен тұрақтылық бәсекелестік пен өзгеріс құндылықтарынан маңыздырақ [1 12 б.]. Жапония бұл жерде алғашқы ел болды. Бірақ соңғы кездері Жапонияда да билікте өзгерістердің болуы азиялық қоғамтанушылардың ойынша, экономикалық өсу жағдайында жұмысшылар мен капиталистерді тәртіпке үйрететін бюрократиялық-авторитарлық мемлекет орташа таптың саяси талаптары мен «азаматтық қоғамның» таралуын тоқтата алмайды. Сондықтан олар бюрократиялық авторитаризмнің басшылық қызметін елдің өркендеуі үшін қолданады, мысалы Қытайдағы жағдай сондай. Бірақ болашақта саяси қатысушылыққа ұмтылысты бөгеу мүмкін емес деп пайымдаймыз.

Шығыс Азияның жоғары дәрежелі саясаткерлері басқа мәселелер жөнінде пікір-таластарын білдіреді. Жапонияның, Малайзияның және Сингапурдың жетекшілері жаңғырудың батыстық үлгісіне қарсы пікір білдірді, олар азиялық тәртіп пен бірігуді (интеграцияны) қолдады. Бұл жөнінде 1990 жылға дейінгі Сингапур премьері Ли Куан Ю қатал түрде өз пікірін айтып өтті. Бүгінде дәл осындай ұстанымды Малайзия премьері Махатхир Мохаммад ұстанып отыр. Ол Батыстың артықшылығы туралы сындарына, батыстық гедонизм мен индивидуализмге қарсы: «Бүгінде жетістікке жеткен елдер, ешбір экономикада орталық рөлді ойнайтын үкіметтері бар либералдық демократия емес» [2, 84 б.].

Оңтүстік Кореядағы Ким Тэ Чжун сияқты оппозициялық саясаткерлер мұндай ұстанымға қарсы: азиялық философия мен дәстүрлер бюрократиялық авторитаризмнен бас тартуға және азаматтық қоғам институттарының дамуына барынша жол бере алады. Бұл дебаттар – тек жаңғырудың дербес азиялық жолы мәселесіне ғана емес, сонымен бірге Азияның «жалғасушы жаңғырудың» ашық сұрақтарына қосқан үлесі.

---

«Қырғиқабақ соғыс» аяқталғаннан кейін, біз болашақтың мүлдем басқа жобаларына балама мақсаттарға қарағанда, ұқсас мақсаттарға бағытталған дамудың әртүрлі жолдарын көреміз. Мұндай жағдайда ХХ ғасырдың 70-жылдарының соңында кейінгі капитализмнің идеологиясы ретінде өлі саналған. Жаңғыру теориясы қайта бағалауға ұшырады және одан ары дамыды.

Егер жаңғырудың зерттеу аймағы ретінде үш нәрсені: а) жаңғырған қоғамдардың пайда болуы; б) артта қалғандар алға кеткендерді қуалайтын үдеріс; в) жаңғырған қоғамдардың инновациясы түсінетін болсақ, онда жаңғыру теориясын «елдер мен күндердің» абстракциялық деңгейіндегі қолданбалы теория ретінде қарастыру қажет, ол әлеуметтік ғылымдардың базалық парадигмаларымен бәсекелеспейді немесе осы парадигмалардың ешқайсысымен (мысалы, құрылымдық функционализм, эволюция теориясы) ұқсас емес. Керісінше акторлармен, институционалдық және жүйелі қарастыру, интеграциямен немесе жанжалдармен байланысты қарастырулардың қосындысы, сондай-ақ, элита, инновация, таптар теориясы элементтерінің комбинациялары және әлеуметтік құрылымдарды зерттеу де болады. Жаңғыруды, тәуелділікті, әлемдік жүйені қарама-қарсы қою немесе біріктіруді әлсірету әрекеттері көбеюде.

Бірақ барлық қарсылықтарда жаңғыру теориясының өзекті элементтері дұрыс бағаланады: бүкіл әлемдегі нарықтық экономиканың жаңаруы, демократия мен әмбебаптық – Дж. Александер мұны неомодернизм – немесе нарықтық ұйымның әлеуметтік-саяси алғышарттарының ашылуы деп атайды [3, 165 б.]. Э. Тириақян «жаңғыру» немесе «неожаңғыру» бағдарламасын жасады, онда әлеуметтік қозғалыстардың инновациялық күштері мен жаһандық үдерістердің сұраныстары қалың бұқараның тұрмыс деңгейі бойынша бағаланатын эндогендік ұлттық-мемлекеттік даму туралы байырғы түсініктерге енгізілген. Жоспарланбаған ықпалдардың жоспарлы эволюцияны басып озуы мүмкін екені мойындалған. Қоғамды жан-жақты, тұтастай басқару – жаңғырумен байланысты емес, ол социалистік мағынадағы жоба болғандықтан, жаңғыру теориясы жағынан алғанда «атомарлық-спонтандық әрекеттерге» және «жаңадағы ескіні» жалғастыруға мұқият қарау қажет.

Жаңғыру теориясының байырғы және жаңа қарастыруларына іргелі, антропологиялық оптимизм тән екені даусыз, бұдан келіп оның қандай қарастырулармен немесе көзқарастармен сай келмейтіні шығады. Бұл жөнінде С. Хантингтон мәдениеттердің шешілмейтін қақтығыстарының балама парадигмасын («өркениеттер қақтығысы») береді [4, 22 б.]. Экологияның бұзылуын бүкіл жаңғырулық ұтыстан жоғары бағалайтын әдебиет жаңғырулық-теориялық түсіндірулермен сыйымсыз, жаңғыру нәтижесіндегі интеграцияның плюстары мен тұрмыс деңгейінің өсуінен соғыстар, зом-

былық құрбандарын, дамымаушылық және маргинализацияны жоғары қоятын әдебиет те сондай.

Жаһандануды (капиталдың, ақпараттың) ұлттық мемлекеттердің әрекетке деген қабілетін және өркениеттер арасындағы айырмашылық күшін жоғартын мега-тренд деп түсінетіндер, ХХІ ғасырда ұлттық мемлекеттер акторлар ретінде басым болады, ал ұлт үстінен бірігу оларды әлсіретпейді, бірақ шоғырландырады деген жаңғыру теориясының диагнозынан бас тартты.

Қазіргі заманғы саяси ғылымдар саласындағы әдебиетті қысқаша шолып болғаннан кейін, белгілі бір сұрақ туындайды: егер аталған және аталмаған ақауларға, кемшіліктерге байланысты жаңғыру теориясы болмаған болса, бұл шығармашылық теориялық бәсекелестік қаншалықты өзгеше болар еді? Жаңғыру теориясын онша елемейтін авторлар осындай тұжырымдарға сараптамалар жасайды. Мысалы, Д.Зенгхаас Қытайдағы жағдай туралы былай деп жазады:

«Қоғамдық плюрализм экономикалық трансформацияның қайтымсыз үдерісінің салдарынан бұдан ары да қарқындай береді. Барынша ашықтық болады, мүмкін саяси артикулданған мәдениет пайда болады... Мүмкін мынадай жүйелілікте: құқықтық мемлекетсіз және демократиясыз партия-монополист, құқықтық мемлекет пен демократия белгілері бар плюрализмге ұшыраған партия-монополист... плюрализацияның кеңеюі және демократиялық конституциялық мемлекеттің туылуы белгілерінің пайда болуы; осының барлығы 15-25 жыл көлемінде көрініс береді» [5, 78 б.].

Осы тараудың басында біз шығыс елдері жаңғыруының ерекше жолы туралы сөз қозғағанбыз. Енді Жапонияның саяси дамуының ерекшеліктерін толығырақ сараптап өтсек. Жоғарыда келтірген пікірлерден қоғамдағы жаңғырудың өзгермейтін нұсқасы болмайтындығы, оның алуан түрлі сипатта байқалатындығын атап өтуге болады.

Жапонияда соңғы жүз жылда болған өзгерістердің соншалықты жылдам, әрі қайран қаларлығы сондай, ХІХ ғасырдың соңында еуропалық ғалымдардың, саяхатшылардың және дипломаттардың жазған кітаптарының бұл елге ешбір қатысы жоқ сияқты көрінеді. Мұнда қоғам өмірінің барлық салаларының терең трансформациясы жүріп жатыр, олар экономиканың, саясаттың, ғылымның, мәдениеттің жаңғыруы мен интернационализациялаудың объективті тарихи үрдістерін көрсетеді, бұл әртүрлі елдердің халықтарын жақындастырады, олардың ынтымақтастығы мен өзара түсінушілігіне ықпал етеді. Бұл үдерістер эндогендік және экзогендік факторларға байланысты.

Осы жағдайға тура келіп тұрған, В.И. Лениннің сөздерін еске түсіре кеткеніміз орынды болар: «... дамушы капитализм екі тарихи үрдісті біледі... Біріншісі: ұлттық өмірдің және ұлттық мемлекеттердің оянуы. Екіншісі: ұлттар арасындағы әрқандай қатынастардың дамуы және жиілеуі, ұлттық

---

кедергілердің алынуы, капиталдың, түбегейлі экономикалық өмірдің, саясаттың, ғылымның және т.б. интернационалдық бірігуінің жүзеге асуы» [6, 124 б.].

Осы өзгерістердің барысында дәстүрлі элементтер мен батыстық инновацияларды үйлестіре біріктірген Жапонияның жаңа бейнесі қалыптасады. Қарастырылып отырған кезеңді барынша нақты екі кезеңге бөлуге болады, ал олар өз кезегінде ұлттық тарихтың екі өзгерісті сәтімен байланысты. Алғашқысы бастауын Мэйдзи (Мэйдзи исин) реставрациясынан алады, бұл кезде екі жүз жылдан астам уақыт оқшауланудан кейін Батыс елдерімен белсенді қатынастар басталған еді. Осы уақыттан бастап вестернизация, дәлірек айтсақ еуропашылдану түріндегі, ал екінші дүниежүзлік соғыстан кейін америкашылдану формасындағы ірі көлемді жаңғыру жүре бастады. Бұл – Жапонияның азиялық ел ретіндегі ерекшелігі. Дегенмен сол кездің өзінде-ақ ол батыс өркениетінің дамуына, әсіресе мәдениет саласы бойынша өз үлесін қоса бастаған болатын. Сондықтан бұл үдеріс жөнінде интернационализацияның алғашқы қадамдары ретінде айтсақ болады.

Екіншісі 1945 жылы елдің тізе бұгуінен кейін басталады. Міне жарты ғасырдан астам уақыт бойы Жапония әлемдік сахнада үнемі өзінің экономикалық, саяси және мәдени позициясын нығайтып, сәтті үдемелі тұрақты дамудың сирек кездесетін үлгісі болып келеді. Алғашқы соғыстан кейінгі екі онжылдықта ол көбінесе шеттен алса, ал одан кейін кең көлемді, барған сайын үдемелі, оның жетістіктерін беру үдерісі байқалады және ең алдымен техникалық-экономикалық салада көрініс табады. Бұл дамудың негізінде «жапондық экономикалық ғажайып» деген атқа ие болған феномен жатыр. Бұл ғажайып жөнінде әңгімелер тоқталғанмен де, Жапония феномені адамдардың санасын әлі ойландыруда. Өйткені ел даму жағдайларындағы өзгерістерге бейімделудің жоғарғы деңгейін көрсетіп, тек дамушы елдер үшін ғана емес, сонымен бірге дамыған елдерге үлгі болып отыр.

Жапон қоғамының бүкіл тарихының өне бойында қайта құрылуға қабілеттілігі жаңғыру үдерісінің мәнін түсінуге көмектеседі. Осындай қарқынды үдеріс ХХ ғасырдың 50-жылдары Жапонияның жаңғыру теориясын өмірге алып келді, оның мазмұны шындығында батыс жапонтануында қаралмаса да, жақында сынға ұшырады. Дегенмен оны Батыс елдерімен тез арада бір деңгейге көтерген Жапонияның жетістіктері бұл мәселеге қайтып оралуға және жаңғырудың осы жапондық түрі туралы сөз қозғауға итермелейді.

Осы мәселелерге формациялық және өркениеттік қарастырулар негізінде қызығушылық үнемі отандық зерттеушілердің көңілін аударады. Кез келген қоғамның дамуы үдерісін талдау, сөз жоқ «өндіріс түрі» немесе «таптар» сияқты жалпы параметрлерді қарастырумен шектелмесе керек. Зерттеуге адамдардың нақты әрекеттері, олардың жанұядағы,

қауымдағы, кәсіпорындағы, яғни кіші топтардағы қарым-қатынастары алынуы тиіс. Басқаша айтқанда, тек олардың өмір сүруінің барлық жақтарын: әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық, идеологиялық және мәдени аспектілерін зерттеу арқылы ғана бүкіл қоғамның барынша толық сипаттамасын беруге болады.

Қоғамның өмір сүруін зерттеуді осылай ұғынғанда, негізінен өндіріш күштері мен өндірістік қатынастардың артықшылығына сүйенетін формациялық қарастыру біршама шектеулі көрінеді. Тарихты жүйелі зерттеуге алғаш мүмкіндік бергеніне қарамастан, ол негізінен базистік түсініктерге сүйенеді, ал адамды оның тұрмыстық және рухани өмірімен – дінмен, ғылыммен, психологиямен, ділімен байланысы жеткілікті ескерілмейді. Сондықтан қоғамды зерттеу барысында өркениеттік қарастыруды қолданған орынды, өйткені оның орталығында адам, оның өзін-өзі көрсетуі және өзін-өзі дамыту, жетілдіру мүмкіндіктері тұр.

Жапония жаңғыруының сипатына тұрғындардың жоғары бейімделгіш қабілеті, яғни олардың бөгде өркениеттердің (ең алдымен үнді және қытай) элементтерін игеруі, тіпті оларды өз ұлттық құндылықтарының компоненттеріне айналдыруы үлкен ықпал етті. Бұл жерде қытай жазуын (IV ғасыр), даосизм мен конфуцийшілдікті (IV-V ғасырлар), буддизмді (VI ғасыр) қабылдауын, кейіннен феодалдық Жапонияның оқшаулануына қарамастан (XVI-XIX ғасырлар) батыс өркениетінің сөзсіз ықпалын (XVI ғасыр) еске алсақ жетіп жатыр.

Қазіргі уақытта жапон қоғамында ненің төл, ненің көшірме екенін айқындау қиын, өйткені барлығы біртұтас болып кеткен. Сонда да болса, таза жапондық элемент әлсіз болғанына қарамастан бейімделу үдерісіне едәуір ықпал жасады. Бір қызығы, басқа елдердің мәдениетін өз дәстүріне тарта отырып, Жапония жиі оларда жоғалған нәрселерді сақтап қалып отырды.

Біртұтастықтың құрылуы жапондықтардың дүниетанымымен байланысты, оның негізінде басқа шығыс қоғамдары сияқты дәстүр, «тұлға немесе қоғамның қандай да болмасын жеке мақсаттарға жетуінің табиғи және дұрыс жолы деп есептелетін барынша ортақ іс-әрекет сипаты жатыр... Дәстүр тек қана тұрмыстық немесе шаруашылық институты ғана емес, сонымен бірге белгілі императивті сипаттарға сай кез келген әлеуметтік рөлдерді ұйымдастыратын әмбебап және интегративті механизм болып табылады» немесе дәстүр – бұл «қоғамның немесе өркениеттің әлеуметтік және мәдени тұрмысының ең басты белгілерінің қоймасы». Сондықтан, дәстүрді тек кертартпалық деп түсіну бағалаудағы сыңаржақтылықты білдіреді.

Жапония үшін дәстүрлер трансформациясының эволюциялық үдерісі тән. Жаңа элементтер әдетте ескі құрылымға қосылып отырды, оны ешқашан бұзбады, жиі қатар өмір сүрді, кейде бірігіп біртұтастыққа айнал-

---

ды, мұнда ненің сырттан келгенін, ненің дәстүрлі жапондық екенін айыру қиын болды. Бірте-бірте бұл элементтер ескі құрылымға бейімделген сайын түрін өзгертіп, бүкіл жүйенің қайта құрылуын туғызды. Кейде бұл үдерістің қатты жүргені сондай, жапондықтардың өз дәстүрлерін бұзып жатқаны сияқты жалған әсер қалдыратын.

Ал іс жүзінде Жапония жаңғыруы дәстүрлі құрылымдарды жоққа шығару негізінде емес, керісінше оларды белсенді қолдану арқылы жүзеге асты, сондықтан да белгілі жапонтанушы Фоско Мараинидің пікірімен келіспеу мүмкін емес: «Жапониядағы жиырмасыншы ғасыр көбінесе сырттан келген элементтердің арқасында, дәстүр күштері қасарыса қарсылық көрсеткеніне қарамастан жүрген жаңғыру үдерісінің ілгерілеуі ретінде қарастырылады. Кейбір жағдайларда солай болғаны рас, бірақ жалпы көлемде бұл мүлдем басқаша. Егер Жапонияның өткені оның болашағына кедергі болған болса, онда әлі өзінің батыстық ұстаздарының әдепті және үміт күттіретін шәкірті болып қалар еді, бірақ ол қылышын көтеріп және оны тамаша қолдана біліп, көп кешікпей-ақ ұстаздарын өз ойындарында соғып жығатын қуатты бәсекелеске айналды» [7, 158 б.].

Еуропалықтар мен жапондықтардың материалдық тұрмысының үй салу және безендіру, аспаздық негіздері мен мәзір әзірлеу, киім және тағы басқалары сияқты негізгі элементтері мүлдем ұқсамаса да, және тұрмысты материалдық ұйымдастырудың әртүрлі жүйелерін ұстанса да, Жапонияда жекелеген элементтердің бөлек өмір сүруін сақтау арқылы олардың синтезі жүрді. Осыған байланысты материалдық мәдениетке қатысты қолданылатын батыстық (сэйёсики), жапондық (васики) және аралас (ваё сэттю) стиль түсініктері бар.

Жапондықтардың прагматизмі оларға қажет деп санаған жаңашылдықтың бәрін қабылдауға мүмкіндік берді, олар мүмкіндікті катаклизмдерді айналып өтті және дәстүрлі құндылықтардан ықтиярмен бас тартпады. Бұл Жапонияның басқа елдерге, мысалы Қытайға қарағанда, Батысқа сәтті жауап бере білгенінің себептерінің бірі. Жаңғыруды қабылдауда екі жаққа да әлеуметтік-психологиялық факторлар, әсіресе қытайлықтар мен жапондықтардың қалған әлемге деген қатынасы үлкен әсер етті: алғашқылары Орталық империя деген идеяларынан арыла алмады және өздерінікінен бөгде құндылықтардың болуына жол беріп, басқа халықтардан үйрену қажеттілігін түсінбеді. Екіншілері болса өз бірегейліктерін жоғалтпай, батыстың құндылықтарын қабылдай білді. Мұндай көзқарасты көптеген отандық және шетелдік ғалымдар бөліседі.

Жапон тәжірибесі ешбір мәдениеттің, тіпті батыстық сияқты қуатты болса да, еліктеуге тұратын әмбебап үлгі бола алмайтынын, сонымен бірге ешбір мәдениеттің абсолютті тәуелсіз, оқшау ортада дами алмайтындығын дәлелдеді. Сондықтан біз қазір Жапония жаңғыруының мәйдзи кезеңінен

кейінгі еуропалануын, немесе соғыстан кейінгі америкалануы туралы айтып отырсақ та, іс жүзінде сөз едәуір күрделі және сындарлы үдеріс туралы, мәдениеттердің өзара қатынасы, бұл түсініктің өркениет ұғымымен жақындығы байқалған уақыт туралы болып отыр.

1. Huntington, Samuel P. Democracy's third wave // Journal of democracy. - Volume 2, Number 2, Spring 1991. – 12-34 pp
2. Mohamad Mahatir, Shihara Shintaro. The voice of Asia. Tokyo. 1995
3. Alexander J. Modern, anti, post, and neo: how social theories tried to understand the "new world" of our time // Zeitschrift fur Soziologie. 1994. №23. S.165-197
4. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций // Пер. С англ. Т. Велимеева, Ю.Новикова. – М.: АСТ, 2003. – 603 с.
5. Senghaas D. Wie geht es mit China weiter? // Leviathan. 1996. Heft 1. S. 78ff.
6. Ленин В.И. Полное собрание сочинений, т.24, 124 с. (Критические заметки по национальному вопросу).
7. Мараини Ф. Япония: Образы и традиции / Пер. с англ. М.А.Смирновой. – М.: Планета , 1980. – 199 с.

**Акын Б.**

#### **Японская модель модернизации**

В статье рассматриваются особенности модернизационного развития Японии в контексте общей теории модернизации. Кроме того, проводится анализ восточноазиатской модели обновления.

**Акын В.**

#### **The Japanese Model of Modernization**

In the article the specifics of the modernization of Japan in the context of the general theory of modernization is considered. In addition, the East Asian model renovation is studied.